

Н.К. Тургумбаева^{1*}, Д.Ж. Оспанова², Ш. Қапантайқызы³

^{1,3} Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан;
² Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл — Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы
(Е-пошта: turgumbayevank@gmail.com)

Эмотивтілік санаты лингвистикалық феномен ретінде: эмоциялық сезім-күйді жеткізудің синтаксистік құралдары

Мақалада эмотивтілік категориясы лингвистикалық феномен ретінде қарастырылып, эмоцияны жеткізудің синтаксистік құралдары талданған. Эмотивті синтаксис логикалық синтаксиске сезім білдіру синтаксисі мен ой білдіру синтаксисі ретінде қарсы қойылады. Логикалық синтаксис — нормативті, эмотивті-бейтарап, грамматикаланған, тұрақты деген мағынада алынса, эмотивті синтаксис міндеті — ең әуелі образды ойлауды, қиялды белсендендіру. Эмотивті синтаксистің негізгі қызметі психиканың сезім саласын когнитивтік-коммуникативтік үдерістерге араластыру. Зерттеудің мақсаты — эмотивті синтаксистің когнитивтік-коммуникативтік үдерістердегі рөлін анықтап, оның логикалық синтаксистен айырмашылығын көрсету және қазақ тіліндегі эмотивті синтаксистік құрылымдардың ерекшеліктерін сипаттау. Осы мақсатқа жету үшін келесідей міндеттер қойылды: эмотивті синтаксистің негізгі категориялары мен олардың коммуникативтік қызметін сипаттау; синтаксистік трансформациялық құралдардың (оңашалану, транспозиция, парцелляция және басқа да тәсілдер) құрылымдық және функционалдық ерекшеліктерін талдау; эмотивті сөйлемдердің көркем мәтіндер мен ауызекі сөйлеу тілінде жүзеге асуын зерттеу; қазақ тіл біліміндегі эмотивті синтаксис құбылыстарын жүйелеп, оларды лингвистикалық және когнитивтік тұрғыдан негіздеу. Эмотивті синтаксис арқылы ақпарат эмоционалдық тұрғыдан өңделіп, интегративті қабылдауға негізделеді. Эмотивті құрылымдардың қалыптасуына әсер ететін синтаксистік трансформациялық құралдар ретінде оңашалану, транспозиция және парцелляция талданған. Сонымен қатар дислокация, инверсия, интеркаляция, реприза, редукция, компрессия, реконструкция секілді тәсілдердің қолдану ерекшеліктері зерттелген. Мақалада эмотивті синтаксистің негізгі категориялары, олардың коммуникативтік мақсатқа жетудегі функционалдық және формалды аспектілері жан-жақты қарастырылған. Зерттеуде анықталған басты нәтижелердің бірі — эмотивті синтаксистік құралдардың қазақ тілінде кең таралғандығы. Қазақ тілінде эмотивтілік синтаксистік құралдар көркем мәтіндер мен жанды қолданыста қалай жүзеге асатыны зерделенеді. Бұл қазақ тілінің эмоцияны жеткізудегі икемділігін және синтаксистік бейнелеу мүмкіндіктерін ашады. Зерттеу нәтижелері тілдік эмоционалдылықты жеткізудің теориялық және практикалық аспектілерін байытуға бағытталған. Авторлар эмотивті құрылымдардың прагматикалық және когнитивтік аспектілерін сипаттап, тілдегі эмоционалдылықты жеткізудің тиімділігін арттыру жолдарын ұсынады. Бұл зерттеу нәтижелері эмотивті синтаксистің жүйелік және категориялық мүмкіндіктерін анықтауға үлес қосып, болашақта қазақ тілінің синтаксистік құрылымдарын талдауда қолданылатын әдістерді жетілдіруге негіз бола алады. Зерттеу барысында эмотивті синтаксистік бірліктердің толық жүйеленбеуі мен белгілі бір аспектілердің әлі де толық зерттеуді қажет ететіні айқындалды. Бұл бағыттағы зерттеулер қазақ тіл білімін жаңа деңгейге көтеріп, оның синтаксистік құрылымдарын түсіндіру әдістемелерін байытуға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: эмотиология, эмотивті синтаксис, оңашалану, транспозиция, парцелляция, дислокация, инверсия, интеркаляция, реприза, редукция, компрессия, реконструкция, энантиосемиялық құрылымдар, коммуникама.

Kipicne

Эмотивті синтаксис логикалық синтаксиске сезім білдіру синтаксисі мен ой білдіру синтаксисі ретінде қарсы қойылады. Бұл жерде логикалық синтаксис дегеніміз шартты түрде *нормативті, эмотивті-бейтарап, грамматикаланған, тұрақты* деген мағынада алынған. Эмотивті синтаксис міндеті ең әуелі образды ойлауды, қиялды белсендендіру болса, логикалық синтаксис пайымдай отырып ойлауға құрылған. Эмотивті синтаксистің негізгі қызметі психиканың сезім саласын когнитивтік-коммуникативтік үдерістерге араластыру. Аталмыш үдерістер денотатты сезімнен өткізіп қайта бағалауға бағытталады да, логикалық категориялар қайта қаралып, олардың тілдік көрінісінің алғашқы тәртібінің бұрмалануына (өзгеруіне) әкеледі. Бұның барлығы сөйлем құрылысынан көрініс

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: turgumbayevank@gmail.com

табады, оның грамматикалық белгілері өзгеріп, экспрессивті қозғалыс ойға салмақ түсіретін дүниелерден арылады. Мақалада мысал ретінде көрсетілетін эмотивті синтаксистік құрылымдардың қысқа, шағын болуы осымен түсіндіріледі.

Мақалада эмотивті синтаксистің когнитивті-коммуникативтік үдерістердегі рөлін анықтау, оның логикалық синтаксистен ерекшеліктерін айқындау және қазақ тіліндегі эмотивті синтаксистік құрылымдардың лингвистикалық табиғатын зерттеу мақсат етілген. Осы мақсатқа жету үшін келесідей міндеттер қойылды: эмотивті синтаксистің негізгі категориялары мен олардың коммуникативтік қызметін сипаттау; синтаксистік трансформациялық құралдардың (оңашалану, транспозиция, парцелляция және басқа да тәсілдер) құрылымдық және функционалдық ерекшеліктерін талдау; эмотивті сөйлемдердің көркем мәтіндер мен ауызекі сөйлеу тілінде жүзеге асуын зерттеу; қазақ тіл біліміндегі эмотивті синтаксис құбылыстарын жүйелеп, оларды лингвистикалық және когнитивтік тұрғыдан негіздеу. Зерттеу нәтижелері тілдік эмоционалдылықты жеткізудің теориялық және практикалық аспектілерін байытуға бағытталған.

Эмотивті синтаксис құрылымы сөйлеу актісі кезінде импровизациялық құралдар арқылы туған соң, окказионалды (жеке, субъективті) мәнге ие болады. Дегенмен де әр жеке тілде эмотивті синтаксис құрылымдарын берудің арнайы құралдары дамиды. Бұл құралдар тілде бұрыннан бекітілген ой саптаудың бейтарап амалдарын сөйлеу әрекеті барысында қайта қараудан туындайды. Осылайша тілде эмотивті сөйлемдердің ерекше құрылымдық түрлері пайда болады. Олар эмотивті синтаксис құрылымдарының корпусын құрайды да, неғұрлым жиі қолданысқа түсіп, өз экспрессиясын сақтайды. Бұл құрылымдар эмотивті синтаксистің жүйелік аспектісін көрсетеді. Оны XX ғасырдың ортасында француз тілінің грамматикасын зерттеген Шарль Балли: «Грамматика шеңберінде әлі зерттеуді қажет ететін аймақ ашылуда, ол сезім білдіруге қабілетті грамматикалық категориялар жиынтығынан тұрады» [1; 12], – деп байқаған.

Сонымен, эмотивтілік когнитивті-коммуникативті қызметтің эмоционалды аспектісі негізінде дамиды. Оның рационалды-логикалық аспектіден айырмашылығы — табиғаты эмоционалдылықтың онтологиялық талдауымен байланысты болуында. Осы талдауды түсіндіріп көрелік...

Эмоциялардың табиғатын жан-жақты қарастырған К. Изард эмоция мен сезімнің ара-жігін анықтайды. Бұл біздің шолу мазмұнды «Эмотивті категориялардың қазақ тіл білімінде зерттелу жайы» атты мақаламызда анықталған [16]. Эмотивті синтаксисті сипаттауда да эмоция мен сезім ұғымдарын шатастырмай, жүйеге түскен метатілді пайдаланған абзал деп санаймыз [2].

Эмотивті синтаксис құрылымын түсіндірмес бұрын, эмотивтілікті анықтаған О.А. Турбина: «Эмотивтілік дегеніміз — әлеуеттегі эмоционалдылық (эмоциональность в потенции). Эмотивтілік мәселесіне келгенде, сана дихотомиясы мәселесі алдымыздан шығады. Ол дегеніміз — бірлесе отырып, қарама-қайшылықта болу, қабылдаудың екі негізгі (сезімдік-нақты (чувственно-конкретная) және абстрактілі-логикалық) формасының өзара әрекеттесуі. Осы екі қабылдау формалары негізінде ойлаудың образды және аналитикалық деген екі түрі құрылады. Тілдік эмотивтілік — образды ойлауға негізделген тілдік сана аймағы, эмотивті синтаксис — өзінде эмоционалдылық әлеуетін сақтаған синтаксистік құрылымдар жүйесі» [3], – дейді. Автордың айтуынша, бұл эмоционалдылық әлеуеті антропологиялық мазмұндағы жағдаяттарда ғана жүзеге асады. Егер тілдік жағдаят қатысушысы қандай да бір себептермен *эмотивті жарқын сөздің* әлеуетін дұрыс пайдаланып, эмоционалды жауапқа (реакция) немесе қарсылық білдіруге қабілетті болмаса, бұл сөз ешқандай эмоция тудыра алмайды, тек жай белгі ғана болып қала береді.

Эмоционалды мінез-құлық түрлері ішіндегі эмотивті сөйлеу де, образды ойлауды тірек ететін он жақ жарты мидың жұмысымен байланысты. Образды ойлаудың негізгі қызметі — тұтас қабылдау (келетін ақпаратты синтездеу) әдісімен жүзеге асатын кеңістіктің концептуалдануы болса, оң жақ жарты мидың қызметі — ақпаратты талдай отырып өңдеу (анализ, әмбебаптау), уақытты қабылдау және сәйкесінше, толыққанды етістіктің (шақ, жақ, етіс, рай санаттарына ие етістік) қалыптасуына бағытталған. Образды ойлау басымдықта болса, кірігу үдерісі іске қосылады да, бұл етістік жойылып, сөйлеу есім сөздермен немесе есімді конструкциялармен, соның ішінде атаулы сөйлемдермен жүзеге асады.

Осы кірігу үдерісі эмотивті түсініктің негізгі қағидасы болып, эмотивті синтаксистің грамматикалық категорияларының іргесін қалайды. *Категория* термині эмотивтілік контекстінде шартты мәнге ие, өйткені эмотивті синтаксис категорияларын сөз еткенде, олардың логикалық сала категорияларынан (айталық, субъект, объект және предикат) айырмашылығын ескеру керек. Бұл айырмашылық, ең біріншіден, образды ойлаудың табиғатына қарай санаттарға (категорияларға)

бөліне алмауында. Басқа сөзбен айтқанда, *эмотивті синтаксис категориясы* терминін шартты деп қабылдау ұсынылады. Бұл метатіл бірлігі ғана, ол эмотивті тілдік мағына типологиясының нақты бір қағидасын білдіреді.

Осылайша, эмотивті синтаксис категорияларының түзілуі эмоционалдылықтың коммуникативті-когнитивті үдерістерге еніп, қалыпты ойлау операцияларының барысына өзгеріс енгізе отырып, сөйлеу бірлігінің пайда болуымен байланысты екен. Бұл өзгерістердің мәні — денотатты жағдаятты эмоционалдылықпен түсіне отырып, пропозицияны қайта бағалау. Ол өз кезегінде сөйлеудің грамматикалық (синтаксистік) құрылымының өзгеруіне әкеледі. Сол өзгерістерге тоқталайық.

Зерттеудің деректері мен әдістері

Зерттеу жұмысы эмотивтілік категориясының лингвистикалық феномен ретінде терең талдауына негізделген. Теориялық материал Ш. Балли, Г. Гийом, Л. Теньер, А. Троцке, В. Шаховский, Ю. Апресян, М. Бахтин, Ф. Буслаев, Н. Греч, А. Востоков, И. Давыдов, А. Потебня, А. Руднев, А. Турбина, Г. Гаврилова, Х. Нұрмұханов, Б. Шалабай, Ш. Сарыбаев, Ж. Жақыпов, Р. Әміров, Ж. Мусин, М. Белбаева, Қ. Сарекенова, т.б. зерттеулері мен тұжырымдамалары негізінде іріктелді.

Эмотивті синтаксистің когнитивті-коммуникативтік аспектілерін зерттеу барысында ұйғарымдық әдіс (болжам, гипотеза), контент-анализ, индуктивті және дедуктивті талдау тәсілдері қолданылды.

Алдымен эмотивті синтаксистік құрылымдарды зерттеу мақсатында қазақ тілі мен ағылшын тіліндегі көркем мәтіндер мен ауызекі қолданыстардан эмпирикалық материал жинақталды. Мәтін ретінде қазақ және ағылшын әдебиетінің түрлі жанрларынан алынған шығармалар таңдалды. Әр мәтіннен ішінара эмоцияларды жеткізетін синтаксистік құрылымдар анықталып, оларды талдау үшін жүйеленді (А. Құнанбайұлы, М. Әуезов, С. Мұратбеков, Б. Майлин, Дж. Барнс, т.б.). Келесі кезеңде эмотивті синтаксистегі трансформациялық құралдарды зерттеу мақсатында синтаксистік анализ жүргізілді. Бұл кезеңде синтаксистік трансформациялардың, яғни оңашалану, транспозиция, парцелляция, дислокация, инверсия, интеркаляция, реприза, редукция, компрессия, реконструкция сынды тәсілдердің қолдану ерекшеліктері мұқият зерттелді. Әр әдістің эмотивтілік пен эмоционалдылықты жеткізудегі рөлі мен әсері талданды.

Нәтижелер мен олардың талқылануы

Сөйлемнің лексикалық және грамматикалық құрамдасы эмотивтілікпен байланысты өзгеріске түсуінің кең тарған түрлері деп **оңашалануды**, **транспозицияны** және **парцелляцияны** атайды. Бұл жердегі **оңашалану** — сөйлем мүшелері арасындағы логика-семантикалық қатынастардың өзгеріске түсуі болса, **транспозиция** — сөйлем элементтерінің қызметтік мәнін морфосинтаксистік тұрғыда қайта құру болады. Ал **парцелляция** дегеніміз — сөйлем құрылысының бұзылуы (мүшеленуі).

Осы орайда зерттеудегі міндеттеріміздің бірі — аталмыш категориялардың қазақ тілінде қаншалықты белсенді екенін, осы тізімге ілінбей қалған эмотивті синтаксис құбылыстарының бар-жоғын зерделеу.

Көрсетілген үш құрал да эмотивті сөйлемдерде бірін-бірі анықтай, толықтыра отырып, бірлікте қолданылады. Бұл қасиет олардың категориялық әлеуетін дәлелдейді. Әрқайсысы әр түрлі деңгейлерге — логика-семантикалық (оңашалану), морфосинтаксистік (транспозиция) және құрылымдық (парцелляция) қатысты болса да, мақсаттары бір жерден шығады. Мақсат — эмотивті тілдесімді жүзеге асыру. Осылайша, бір немесе бірнеше сөйлем мүшесінің оңашалануы транспозициямен жүретін парцелляциядан көрініс табады.

Аталмыш категорияларды білдіру үшін эмотивті синтаксисте эмотивті сөйлемді әрлейтін арнайы грамматикалық құралдар дамиды. Оларға, ең алдымен, жайылу мен жиылу үдерісіне негізделген синтаксистік құрылымдар мен сөздердің орын тәртібіндегі өзгерістер жатады. Олар: дислокация, инверсия, интеркаляция, реприза, редукция, компрессия, реконструкция. **Дислокация** — белгілі бір сөйлем мүшесінің (көбінде тұрлаусыз) өзіне тән емес құрылымдық позицияда орналасуында: *Қарай көр өзіне!* (*ұрсысу, мінін, қателігін бетіне басу*). **Инверсия** — предикаттық өзектегі қалыпты тәртіптің қарама-қайшы тәртіпке ауысуы: *Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін (Абай).* — *Бармаймын мен, жалынбай-ақ қой!* **Интеркаляция** — предикаттық өзек арасына сөйлемнің қандай да бір элементін кіркірту. *Сіз, құдай куә (тағы да), қателесіп тұрсыз!* Инверсия мен интеркаляцияны дислокацияның түрлеріне біріктіруге болады. **Реприза** — бір сөйлем мүшесін екі (не одан да көп) формамен беру. Аталмыш формалар бірін-бірі қайталайды, бірақ айқындамайды: *Оны қайдан тапса,*

махаббатты? **Редукция** — көбінесе предикаттық өзек түріндегі сөйлемнің грамматикалық мүшелерінің эллипсисі (түсіп қалуы) барысында пайда болатын қысқару: *Жаңбыр жауып тұр. — Жаңбыр!* Осы тәрізді қалыптасқан қысқартулардың предикаттық өзегін анықтау уақыт өте келе қиындай түседі: — *Қайдан?!..* **Компрессия** — толық грамматикалық сөйлемнің (предикаттық өзектің) сөз немесе сөз тіркесіне дейін қысылуы/қысқаруы. Мәселен, жақсыз сөйлем түрінде ғана қалу: *Кетуге болмайды! Алуға тура келді... Білу керек! Білмек керек...!* *Жауынгер жаралы болса да, ол баланы құтқарды.* — *Жауынгер, жараланған, баланы құтқарды.* **Реконструкция** — грамматикалық предикативті өзекті (презентативті) енгізуде сөз немесе сөз тіркесінен сөйлемнің бастапқы грамматикалық формасын қайта қалпына келтіру. Бұндай құрылымдар сөздерінің орын тәртібі тиынақты тілдерге тән, өйткені грамматизацияланудың жоғары деңгейіне жеткен тілдердегі сөйлем құрылысын өзгерту мүмкіндіктері шектеулі.

Аталған тәсілдер бір-бірімен үйлесе отырып, бірін-бірі толықтырып отыруы мүмкін. Бұларға қоса эмотивті сөйлемді құрайтын **акустикалық құралдарды** — интонация мен просодияны да атаймыз. Олар эмотивтілікті білдіруде міндетті, ал ауызша сөйлеуде тіпті жалғыз құралдар болып табылады. Сөйлемді көркем түрде құраудың **стилистикалық тәсілдерін** де ескерген жөн.

Сонымен, эмотивті тілдік өрнектеудің іргелі принципі пайымның интегративті мәні болса, оның варианттары эмотивті синтаксистің **оңашалану, парцелляция және транспозиция** секілді негізгі категорияларынан көрініс табады.

Оңашалану деп дербес эмотивті-коммуникативті мағына үстеу мақсатында сөйлемнің қандай да бір элементін мағыналық және просодикалық (ырғақты-интонациялық) жақтан ерекшелеуді айтамыз. Ал синтаксистік амал ретіндегі оңашаланудың негізінде оңашаланатын элементтің басқа сөйлем мүшелерімен ерекше семантика-синтаксистік қатынастарды анықтау жатады.

Қазақ тілінің академиялық грамматикасында айқындауыштың түрі ретіндегі оңашалануға берілген анықтамаға зер салайық: «...Оңашаланған айқындауыштар — белгілі бір ұғымды күшейту, ерекшелеу, соған көңіл білдіру мақсатына сай қайталанып айтылу негізінде мәнерленіп, бейнеленіп қолданылатын айқындауыштық қатынастағы сөздер тіркесі... Оңашаланған айқындауыштардың саралануы әдеби тіліміздің жетілу, баю жолдарымен тығыз байланысты. Тілдің икемділігі, көркемділік оралымдары неғұрлым мол болған сайын, оңашаланған мүшелердің қолданылу барысына кеңінен жол ашылады. Оңашаланған мүшелерді өз орнымен дұрыс қолдана білу стильдік заңдылықтарымызды да байыта түседі» [4; 5].

Сөйлемнің оңашаланған мүшелері мен оңашаланған құрылымдар инверсия мен интонация арқылы ерекшеленетін сөйлем ішіндегі семантикалық синтаксистік бірліктерді білдіреді. Олардың мақсаты — ұғым, бейне, сипатқа үлкен мәнерлілік беру. Сөйлем мүшелері арасындағы дәстүрлі байланыстарды ұзу арқылы оқшаулау сөйлемнің логикалық тұтастығын бұзбайды. Оңашалану арқылы құрылған сөйлемнің күрделі құрылымы қосымша семантикалық экспрессивті акцентке ие болады. М.С. Буланова мен Е.С. Милькевич ағылшын тіліндегі көркем әдебиетті талдай отырып, *On the train down from Charing Cross, I worried that my suitcase — the only one I owned — was so large it made me look like a potential burglar* (*Чаринг-Кросстан пойызбен келе жатып, менің чемоданым — менде бар жалғыз чемоданым — соншалықты үлкен болғандықтан, ол мені нағыз ұрыға ұқсатты ма деп алаңдадым*) сияқты үзінді келтіреді. Қарастырылып отырған мысалда нақтылау мәнді оңашалану баяндаушының нағыз ұры сияқты көрінгісі келмейтіндігін, бірақ сол көріністен арыла да алмайтындығын көрсетеді, өйткені бұл чемодан «соншалықты үлкен» болды. Мұнда ыңғайсыздық, ұялу және басты кейіпкердің жүріп жүрген қызының ата-анасына жаман әсер қалдырғысы келмеуінен туындаған толқу сияқты эмоцияларды бөліп көрсетуге болады. *Adrian was much cleverer than me — he used logic where I used common sense — but we came, I think, to more or less the same conclusion.* — *Адриан маған қарағанда әлдеқайда ақылды еді — ол мен ақыл тоқтататын жерімде логиканы қолданды — бірақ, менің ойымша, түбінде шешіміміз бір жерден шыққан секілді.* Бұл мысалда нақтылау мәнді оңашалану маңызды ақпаратты ерекшелеу құралы болып табылады — баяндаушы мен оның ең жақын досының бірі арасындағы айырмашылықтарды атап өту және автор мен оның досы өмірге деген әртүрлі көзқарасқа қарамастан, бірдей қорытындыға келгенін атап өту. Бұл мысалда оңашалану қанағаттануды, сабырлы ойлауды білдіреді [9; 16].

Жоғарыда көрсетілген көркем мәтінді эмотивтілікке, ондағы берілетін эмоцияларға талдау отандық тіл білімінде де байқалады. И.Б. Булегенова мен Г.К. Кенжетаева эмоционалды бірліктердің мәтінде берілу жолдарын ағылшын тіліндегі көркем әдебиетті талдау арқылы баяндаушының түрлі эмоциялық күйлерін анықтайды. Алайда функционалды-семантикалық тұрғыдан талданған бұл

жұмыста синтаксистік бірліктер мен құрылымдар нақты аталмайды [10; 6-14]. Бұнымен біз қазақ тіл білімінде эмоционалдылықты көрсететін синтаксистік немесе герменевтикалық талдаулар тапшы немесе мүлдем жоқ деуден аулақпыз. Бірақ бұл бағыттағы зерттеулердің көбі көркем мәтін эмотивтілігі негізінде дамитын стилистикалық талдау бағытын ұстанатынын айтқан жөн. Сондай-ақ *эмотивті синтаксисті экспрессивті синтаксиспен* шатастырмаған абзал. В. Шаховскийдің анықтауынша, экспрессивті лингвистика тілдік құралдар арқылы оқырманға, тыңдаушыға (адресат) әсер етуді көздейді. Эмотивті тіл бірліктері болса, адресанттың эмоциялық жағдайын көрсетеді. Бұл ретте эмотивтіліктің экспрессивтілікке қарағанда, неғұрлым нақты категория деген тұжырым жасауға да болады. Ғалым «Лингвистическая теория эмоций» еңбегінде: «Сөз секілді, кез келген мәтіннің де мазмұн жосығы мен өрнек жосығы (план выражения и план содержания) болады. Мәтінді оқу барысында эмоциялардың көрінісі екеуінде де немесе екеуінің біреуінде ғана болуы мүмкін. Біздің ойымызша, мәтіннің адресанттың психикалық жай-күйін қандай да бір деңгейде өзгертуі (эмоциясын тудыра ма, эмоциялық ойлауға, сөйлеу не қимыл іс-әрекетке жетелей ме) сол мәтінді эмотивті типке жатқызуға себеп бола алмайды. Мәтіндерді эмотивті және эмотивті еместерге бөлу мәтінді қабылдаушы факторына негізделуі мүмкін емес. Өйткені ас мәзірінің, медициналық препарат нұсқаулығы немесе кітап сөресін құру бойынша нұсқаулық мәтінінің өзін эмоциогенді деп қабылдайтын оқырман қашанда табылады», – дейді [11; 181].

Оңашаланудың басты функционалдық ерекшелігі — сөзге қосымша предикация үстейтінінде. Оңашаланудың предикативтілік қасиетін ғалымдар бұрыннан байқаған. Оңашаланудың генезисі төңірегіндегі даулы көзқарастар бір ғасырдан астам уақыт бұрын басталған. Ғалымдардың бір тобы оңашалануды бағыныңқы сөйлемнің қысқарған түрінен пайда болған десе (Ф.И. Буслаев, Н.И. Греч, А.Х. Востоков, И.И. Давыдов), басқалары бұл көзқарасқа қарсы келген (А.А. Потебня, А.Г. Руднев). Айталық А.А. Потебня оңашаланған мүшелердің бағыныңқы сөйлемдермен жақын байланыста болатынымен келіссе де, орыс тіліндегі оңашаланған сөздер бағыныңқы сөйлемдерден дамуы мүмкін дегенмен келіспей, керісінше, оңашалану құбылысынан бағыныңқы сөйлемдер дамиды деген тұжырымды алға тартады [6; 248]. А.Г. Руднев болса, оңашаланған мүше мен бағыныңқы сөйлемнің жақындығына мүлдем қарсы келген.

Шын мәнінде, оңашаланған мүшелер мен бағыныңқы сөйлемдер арасындағы генезистік байланыс жайлы нақты тұжырымдар жасау үшін тілдік құбылыстарды диахрониялық, неғұрлым ұзақ уақытты қамтитын уақыт аралығындағы тіл көрінісіне негізделетін зерттеу жүргізу керек. Осылайша, зерттеуші А.О. Турбина XIV-XVII ғасырлар аралығындағы тіл дамуына зер сала отырып, француз тіліндегі оңашаланудың бағыныңқы сөйлемдердің ықшамдалған түрі екеніне көз жеткізеді [3].

Ғылымда оңашаланудың синтаксистік категория ретіндегі статусын мүлдем жоққа шығаратын көзқарастар да жоқ емес. Бұндайда оны *сөйленімді интонациялық-мағыналық ұйымдастыру элементі* деп қана қарастырады да, оңашалануды сөйлемнің грамматикалық құрылысына ешқандай әсері жоқ деп түйеді. Бұл тұжырым теориялық лингвистика тұжырымдарын нысанға алып зерттеген Г. Гийомның тілдік семиозис үшін әмбебеп болып келетін *бүтіндік формуласына* қайшы келеді. Аталмыш қағида бойынша, субстанция мен таңбаланушы формасы арасында тұтастық болады. Бұл тұтастық құрамдасының (субстанция немесе форма) өзгеруі, таңбаланушының өзгеруіне әкеледі. Осыдан шығатыны — сөйлемдегі қандай да бір (болмашы болсын) элементтің өзгеруі, сөйлемнің тұтас ойын өзгертеті.

Оңашалану толық немесе ішінара **парцелляциямен** қатар жүреді. Толық парцелляция дегеніміз — оңашаланудың жеке сөйленімге айналуы. Парцелляция мен эмотивті синтаксисті талдау тәсілдерін талдай отырып, екі құбылыстың да өзара байланысты екенін атап өтуге болады. В. Богоявленская мен А.П. Чудиновтың зерттеулері оқырмандардың танымдық зейінін бағыттап отырып, парцелляция метафоралық құралдармен өзара әрекеттесетіндіктен, авторлық интенцияны дамытып, мәтіннің көп деңгейлі семантикалық құрылымын жасауға мүмкіндік беретінін көрсетеді [20].

Ішінара парцелляция — кез келген сегменттелген сөйлем. Мұндағы әр оңашаланған сегмент (парцеллят) сөйленімнің басқа бөлігіне қарағанда, белгілі бір синтаксистік дербестікке ие болады. *Did you go? To the funeral? — Сіз бардыңыз ба? Жерлеу рәсіміне (Жабдыққа)?*

Оңашалану мен парцелляцияның басты айырмашылы — эмотивті синтаксис категориясы ретіндегі оңашаланудың логика-семантикалық аспектімен байланысы мен парцелляцияның көбінесе құрылымдық аспектіден қарастырылуында. Осылайша, оңашалану сөйлем мүшесін монорема түріндегі сөйлемге айналдырса, парцелляция тұтас сөйлемді мүшелеп, сол мүшені жеке (автономды) бірлікке айналдырады. Монорема арқылы логикалық сөйленімнің кез келген бөлігін түсіндіруге

болады. Осыдан монореманы оңашалануға жатқызуға болады. Ал монореманы құрылымдық жақтан талдасақ, оның толық автономдығын немесе құрмалас сөйлемнің сегменті (парцелляция) ме дегенді анықтағанда, оны парцеллят деп қарастырамыз.

Ш. Балли көрсеткендей, сөйлемнің сегментациясы (парцелляциясы) оның темаремалық мүшеленуімен байланысты. Өйткені парцелляция жай сөйлемнің кез келген бөлігін темаға, екіншісін сөйленімге/себепке айналдыра алады. Мұндай жағдайда парцеллят әрдайым бағыныңқы сөйлемге бара-бар болады. «Тем не менее, сегментация имеет явные аналоги с сочинением, ибо сегменты могут иметь форму независимых предложений: *Cet enfant, je l'aime bien* (Этот ребенок, он мне нравится) Во французском языке сегментация имеет особую значимость, так как она «возмещает гибкость оборотов, которой мог бы лишиться его твердый порядок слов» [1; 75].

Парцелляция сөздердің орын тәртібі түрлеріне (дислокация, инверсия, интерлокация), сөйленім құрылымына (реприза, редукция, компрессия) қарай эмотивті синтаксистің барлық болуы мүмкін грамматикалық құралдарымен жүзеге асады. Кейде парцелляцияны интеграцияға бөліну мен қосылу ретінде қарсы қояды. Бұл орайда интеграцияның (кірігудің) парцелляция кезінде де, байлану (Ш. Баллидің *байлаулы сөйлем* терминінен, біз Абайдың *орамды тіл* тіркесін қолдануды да құптаймыз) кезінде де орын алатынын айтқан жөн. Парцелляция кезінде парцеллят жай ғана сөйлем мүшесі болмай, дербес предикаттық бірлік (монорема немесе сөйлем) түрінде келіп, толық концептуалды субъектілі-предикаттық құрылымға ие болады. Осыған орай, парцеллятты бір сөз немесе сөз тіркесі бойына толық сөйлемнің семантикалық және грамматикалық мағыналары кірігуінің (интеграцияның) нәтижесі деп қарастыруымызға болады. Ал парцелляция болса, редукция немесе компрессия түріндегі сөйленім интеграциясы түрінде келеді. Мұндайда парцелляцияға түскен сөйлем құрмалас сөйлем (немесе одан да ірі синтаксистік тұтастықтың) интеграциясының нәтижесі болады. Байлаулы сөйлем болса, синтаксистік аспектіден қарастырсақ, интеграциядан бұрын мағыналардың байланысуына, сөйлем бойына қосылған әр сөздің тұтас сөйлем мағынасының бөлшегіне айналуына тап боламыз.

Did you go? To the funeral? — Сіз бардыңыз ба? Жерлеу рәсіміне? (Дж. Барнс, Предчувствие конца). Бұл мысалда шығарма кейіпкерінің бірнеше эмоционалды күйі беріледі. Ең алдымен, бұл шиеленіс пен көңілдің құлазуы. Парцеллят мекен үстеулік ремалық орталықты құрайды және сөздің екінші бөлігінің маңыздылығын, досының өзіне қол салуын айқын қабылдамауына және осы әрекеттің күтпеген жерден шыққанын түсіндіретін аралас қайғы мен шатасу сезімдеріне байланысты атап көрсетеді. *And so, for the first time, I began to feel a more general remorse — a feeling somewhere between self-pity and self-hatred — about my whole life. Allofit. Міне, мен бірінші рет менің бүкіл өмірім жайлы жалпы өкінішті сезіне бастадым, өзімді аяу мен өз-өзімді жек көрудің арасындағы сезім. Аллофит.* (Дж. Барнс, Предчувствие конца). Мұнда өмірдің жеке сәттері мен оқиғаларына емес, бүкіл өмір сүруге деген жеккөрінішке баса назар аударылады. Бұл сөйлемдерде өз өміріндегі жек көру пен көңілдің қалуы, өкініш пен үмітсіздіктің екпінін атап өтуге болады.

Парцелляцияны атаулы сөйлем жасаушы әдістің бірі ретінде танып, атаулы сөйлемдердің контекст ішінде қандай сөйлем мүшелерінің қызметінде болғанын трансформациялық талдау арқылы көрсеткен Ж. Жақыпов келесідей мысал келтіреді: *Дәмеш алғашында самарқау көз тастаса да, қарай келе қызығып, балаша таңданады. Әдемі кең көше. Ағылған халық. Зәулім крандар. Бес қатарлы үйлерден анағұрлым басы сарайған алып домна (З. Шашкин). Ғалым Әдемі кең көше. Ағылған халық. Зәулім крандар атаулы сөйлемдерінің трансформасын реконструкциялайды: Әдемі кең көшеге, ағылған халыққа, зәулім крандарға, бес қатарлы үйлерден анағұрлым басы сарайған алып домнаға Дәмеш алғашында самарқау көз тастаса да, қарай келе қызығып, балаша таңданды. Осы трансформадан-ақ баяндауда субъектінің эмоциясы, айналадағы қызық дүиелерден алған әсерін жеткізу үшін атаулы сөйлемдерді, яғни парцелляттарды қолданудың ұтымдылығын аңғарамыз. Автор Р. Әміровтың эмоция атаулы және сөгіс, тілек мағынасындағы атаулы сөйлемдеріне де трансформациялық талдау жасайды: *Шіркін, осы ауылдың жастары-ай! Ойын-сауық десе, жанып кетеді (С. Мұратбеков) — Шіркін, осы ауылдың жастары ойын-сауық десе жанып кетеді.* -ай демеулігінің тікелей құрастырушы сыңар емес, эмоциялық реңк беруші құрал ғана екені ескертілген. *Оқымай кеткір! Көзі ашық қой, жөн сілтейді ғой десем, жаудың табанына салып бермек (Б. Майлин). — Оқымай кеткір, көзі ашық қой, жөн сілтейді ғой десем, жаудың табанына салып бермек.* Парцелляттың субъектілік предикативті қызметте болатынын аңғартады [7; 191-192].*

Интеграция қағидасы оңашалану және парцелляциямен тығыз байланысатын эмотивті синтаксис категориясы — **транспозицияда** ерекше көрініс табады. Транспозицияда транспоненд (бастапқы

тұлға) толық сөйлем болса, транспозит (соңғы тұлға) — парцеллят-монорема, транспозитор (транспозиция құралы) — жоғарыда көрсетілген грамматикалық құралдар. Транспозицияның формалды (морфологиялық) және функционалды (синтаксистік) аспектілерін ажырату орынды. Мысалы, *Тыныштық!* сияқты сөйленімде функция тұрғысынан етістікті транспозиция орын алады, өйткені мұндағы зат есім етістіктің сөйлемдегі қызметін — баяндауыш қызметін атқарып тұр (*Тыныштық сақта!*). Формалды түрде болса, бұл — есімді транспозиция болып, сөйленім зат есімге транспозицияланады. Зерттеуші Л. Теньер мұндай жағдайларды *синтаксистік қабаттың ауысуы* дейді де, оларды екінші баспалдақтағы трансляцияларға жатқызады, мұнда трансляцияланатын элемент етістікті түйін болады [6].

Қазақ тіліндегі жиі кездесетін транспозициялық өнім — атаулы сөйлем. Р. Әміров атаулы сөйлемдер коммуникативтік мақсатта қалыптасатынын ерекше атайды. Жұмсалыуына қарай атаулы сөйлемдердің келесідей түрлерін көрсетеді: 1. Бейнелеу мағыналы атаулы сөйлемдер. *Түн. Шалқыған ай.* 2. Эмоциялы атаулы сөйлемдер. *Күлуін!..* 3. Сөгіс, тілек мәнді атаулы сөйлемдер. *Қаңғыған неме! Өркенің өскір!* [12]. Бұл жерде екінші және үшінші санаттың эмотивтілік арқылы беріліп тұрғаны айдан анық. Егер Ж. Жақыпов ұсынған контекст теориясы негізінде талдасақ, бірінші санаттағы атаулы сөйлемнің де эмотивті коннотация арқылы беріліп тұрғанын аңғарсақ, таң қалмаймыз. Соңғы аталған автор Ю.Д. Апресянның трансформациялық әдіс заңдылықтары бойынша пікіріне қосылады: «Трансформациялық әдіс заңдылықтары бойынша синтаксистік жүйе өз ішінде бірнеше кіші жүйеге тарамдала алады. Олардың біреуі негізгі, түпкі, бастапқы болса, басқалары содан туындайтын кіші жүйелер болады. Түпкі, өзекті кіші жүйеге сөйлемдердің қарапайым типтерінің жиынтығы, басқаша айтқанда, жай хабарлы сөйлемдер жатады. Кез келген синтаксистік күрделі бірлік — сондай өзек сөйлемдердің трансформалары, кез келген айтылыс — басқа айтылыстың өзгермесі, трансформасы болуға тиісті» [7; 188].

Осылайша, сыртқы құрылымнан ішкі құрылымға не ішкі құрылымнан сыртқы құрылымға ауыстырудың механизмін түсіндіретін [7; 188] трансформациялық синтаксис құралдары эмотивтілікті айқындауға көмектеседі.

Сонымен, жүйелеу үшін төменде эмотивті синтаксистік құралдардың кестесін ұсынамыз.

1 - к е с т е

Эмотивті синтаксистік құралдар

Синтаксистік құрал	Мысалдар	Түсініктеме
Оңашалану	Адам, міне, ғажап!	Сөйлем мүшесі мағыналық және просодикалық ерекшеленеді, ерекше көңіл аудартады
Транспозиция	Тыныштық! (мағынасы: Тыныштық сақта!)	Зат есім етістік қызметін атқарады
Парцелляция	Кітап оқыды. Көп	Сөйлем құрылымы бөлініп, ерекше эмоционалдық реңк беріледі
Дислокация	Қарай гөр, өзінді!	Сөйлем мүшесі өзіне тән емес орынға ауыстырылады
Инверсия	Көрдің бе, міне?!	Қалыпты тәртіп өзгереді, эмоционалдық акцент жасалады
Интеркаляция	Бұл — қателік, анық, үлкен қателік!	Сөйлемге қосымша элемент кірістіріледі
Реприза	Махаббатты, оны қайдан тапса?!	Бір сөйлем мүшесі екі немесе одан да көп формада беріледі
Редукция	Жаңбыр жауып тұр. → Жаңбыр!	Сөйлем мүшелері түсіп қалады, ықшамдалады
Компрессия	Білу керек!	Толық сөйлем ықшамдалған сөз тіркесіне дейін қысқарады
Реконструкция	Бала, мектепке барды. → Мектепке барды бала	Сөйлем құрылымы қайта құрылады

Қазақ тілінде эмотивті синтаксистік құралдардың жүйелі және үйлесімді түрде қолданылатынын, олардың мәтін ішіндегі түрлі семантикалық және прагматикалық міндетті шешуге бағытталғанын көрсету мақсатында диаграмма жасалды (1-сурет). Бұл синтаксистік амалдардың әртүрлілігі эмотивтіліктің когнитивті-коммуникативтік үдерістердегі күрделі табиғатын аша отырып, олардың тілдік және стилистикалық құндылығын айқындайды.



1-сурет. Эмотивті синтаксистік құралдардың үлесі

Диаграммдан байқалғандай, эмотивті синтаксистік құралдардың қолданылуында белгілі бір функционалдық басымдықтар көрініс табады. Оңашалану, транспозиция және парцелляция құралдары эмотивті синтаксистің негізгі категориялары ретінде ең үлкен үлеске ие болып, эмоционалды мағынаны коммуникативтік-құрылымдық деңгейде жеткізуде ерекше рөл атқаратынын көрсетеді. Бұл олардың жиі қолданыстағы прагматикалық және когнитивтік маңыздылығын дәлелдейді [17]. Сонымен қатар инверсия, редукция, компрессия және реконструкция сияқты құралдардың салыстырмалы түрде аз үлесі олардың қосалқы функциясын, яғни негізгі құралдарды толықтырушы немесе арнайы контекстерде эмоциялық әсерді күшейтуші рөлін сипаттайды. Бұл құралдар синтаксистік құрылымдарды икемді әрі бейнелі етіп, эмоционалды мағынаны әр қырынан жеткізуге мүмкіндік береді [18].

Эмотивтілікті білдіруде синтаксисте құрылым құралдарынан басқа энантиосемиялық (*гр. энантио — қарама-қарсы, семия — мағына, — сөз, морфема немесе синтаксистік бірліктің антонимдік мағыналарды білдіру қабілеті*) құрылымдар да өз орнын алады. **Энантиосемиялық құрылымдар** көбінесе коммуникативті және эмотивті-бағалауыштық кеңістікті құрайтын көркем мәтінде автордың концептуалды әлемінің тілдік бейнесіне *тіл бітіруде* қолданылады. Бұл мәселені антонимдер тақырыбында қарастырылатын энантиосемия құбылысымен де байланыстырап едік. Мұны Ш. Сарыбаев, Х. Нұрмұханов сынды кейбір ғалымдар *антонимдер мен омонимдердің қиылысуы* деп қарастырса, екінші бір топ Б. Шалабай, Ж. Мусин, М. Белбаева антонимияның бір түрі ретінде көрсетеді. Қ. Сарекенова энантиосемияны сөздің ішкі антонимиясы, яғни бір сөздің ішінде қарама-қарсылыққа негізделген семантикалық байланыс деп анықтайды да, бұл құбылысты қарама-қарсы қосымша үстейтін мағынасына қарай заттық және эмоционалды-бағалауыштық, экспрессивті қарама-қарсы мағына деп бөледі [15]. Номинативтік энантиосемия грамматикалық және лексикалық жолмен беріледі, мәселен, әдейі айтып қалды (қасақана) — байқамай айтып қалды (қателесу). Мұны айтушының оқиға субъектісіне қатынасы тұрғысынан келгенде, кінәлау, жақтырмау сезімі, сонымен қатар ақтау мақсатын (интенциясын) қарастыруға болады, *әдейі, қасақана* мен *байқамай, кесірінен* мен *арқасында* бірліктерінің қазақша сипат тасушы эмотивті элементтерге жатқызуға болады. Энантиосемияның екінші эмоционалды-бағалауыштық түріне калыптан (дәстүрден) тыс қолданудан мағынаның эмоционалдық-бағалауыштық рендерінің мәні ерекше қызмет атқаруына келетін болсақ, мәселен, *жақсы сөзі: 1) күн қандай жақсы! Аспан шайдай ашық...*; *2) Жақсы! Жолдасыңды ұмытып, үйге басыңды сауғалап қашып келгеніңді ерлік деп санап тұр екенсің зой!* Сондай-ақ бұл ойымызды мынандай мысалдармен де толықтыра аламыз: *қара жүрек — ақ жүрек, ақ ниет — қара ниет; оң бата — теріс бата; аузы берік — аузы ашық, ашық ауыз*). Бұл мысалдардан түстердің де эмоционалды рең білдіретінін, тіпті әр тілге тән тұрақты реңге ие екенін көреміз.

Кейіпкердің ұжымдық сана тұрғысынан қалыпты емес мінез-құлқымен байланысты эмоционалды жағдай эмотивті сөйленімдердің референтті шекараларын анықтайды. Жазушының әңгімелерінде көрсетілген эмоционалды жағдай, қақтығыс немесе шиеленіс алды белгілі бір ая (фон) болып табылады, соның арқасында адресат (оқырман) эмотивті-бағалауыштық мағынаны қабылдайды.

Көркем мәтіннің коммуникативті кеңістігінде субъективті-бағалау сипатындағы синтаксистік трансформация мүмкіндіктеріне ие эмотивті синтаксис бірліктері бар. Олар — кейіпкерлердің эмо-

цияларын актуализациялау құралдары жүйесінде ерекше орын алатын энантиосемиялық құрылымдар.

Энантиосемиялық сөйленімдер көбінесе кейіпкерлердің диалогтарынан көрініс табады, бұл олардың мазмұнындағы имплицитті (жасырын) мағыналармен түсіндіріледі және ана тілі деңгейінде еш қиындықсыз қабылданады. Қарастырылып отырған синтаксистік құрылымдардың эмоционалды-бағалау коннотациялары «бір контексте екі қарама-қарсы мағынаның, екі дауыстың, М.М. Бахтиннің [13] айтуы бойынша, қатар өмір сүруі есебінен туындайды, олар үшіншіге айнамай, бір мезетте қабылданады. Иронияны құрудың ең кең тараған құралы — «қос дауысты» сөз немесе сөйленім: *Пысықтығын көрмейсің бе?! (пысық емес, керісінше ебедейсіз немесе керекті істі тындыра алмаған)* немесе *Жақсы болыпты! (жақсы емес, жаман)*. Мұндай сөйленімдер оқиғаның немесе адресаттың теріс бағасын жасырын түрде көрсетіп, энантиосемиялық мағына тудырады. Екінші дауыс мәнмәтінмен декодталған, ал иронияның белгісі — интонация, ол әрқашан *қос дауысты* сөзбен бірге жүреді, бірақ онымен бірге ирониялық бағалауды өздігінен де білдіре алады.

— *О, тоба! Күн суықта есікті шалқасынан ашуды қайдан үйренгенсіңдер?* Мұнда адресанттың айқын ашумен сөйлеу мінез-құлқын сұраулы сөйлем, эмотивті сөйленімнің фонетикалық ерекшеліктерімен қоса айқын көрсетеді. Есікті шалқасынан ашуды қайдан үйренгендерін білу мүлдем маңызды емес. Адресат (жоғарыдағы мысалдан бірнеше адресаттың барын байқаймыз) адресанттың мұндай эмоциясын просодикамен қоса мәнмәтіннен немесе конситуациядан аңғарады [14; 18]. Соңғы зерттеулер қарама-қарсы семантикалық компоненттердің асимметриялық қатынасымен сипатталатын қарама-қарсы құрылымдарды энантиосемия құбылысының көрінісі ретінде қарастыруға болатынын көрсетеді. Бұл зерттеулер синтаксистік модельдер мен белгілі бір лексикалық бірліктерді қолдану мәтіннің логикалық қана емес, субъективті құрылымын қалыптастыратынын аңғарта отырып, тілдегі энантиосемиялық құрылымдарды талдаудың маңызын ашады [5].

Осы секілді сөйленімдер тілде белгілі бір дәрежеде тұрақталса, **коммуникама** (синтаксистің предикативті емес коммуникативті бірлігі) құбылысы пайда болады. В.В. Виноградовтың пікірінше, тілде алдыңғы сөйленімге қатысты келісу немесе келіспеу, растау немесе жоққа шығару, экспрессивті-модальді бағалауды білдіретін ықшам сөйлемдер болады. Бұл *иә* және *жоқ* сөздері, модальдылық реңі бар сөздер мен көмекші сөздер (*Рас па? Мүмкін! Бәлкім! Әрине! Әлбетте! және т.б.*). Мұндай синтаксистік құрылымдар бөлінбейтін номинативті емес (яғни, түсініксіз семантикамен) сөйлемдер класына жатады және коммуникамалар деп аталады. *Рас па?! — рас па жоқ па* екенін біле тұра сұрау; *Мүмкін!, Бәлкім! — мүмкін емес болғанда; Әрине! Әлбетте! — мұнда әрине, иә* дегеніміз *әрине, жоқ* мағынасында.

Қорытынды

Эмотивті синтаксис табиғаты сезімдік-бейнелі қабылдау мен ақпараттың эмоционалды өңделуінен тұратыны анықталды. Мұндай ақпарат тұтастықта қабылданып, жеке мағыналарға бөлінбестен интегративті түрде беріледі. Бұл ерекшеліктер эмотивті синтаксис категориялары арқылы көрініс тауып, эмоционалдылық коммуникативті-когнитивтік үдерістерге тікелей ықпал етеді. Атап айтқанда, эмоционалдылықтың сөйленім құрылымына әсері сөйлемдердің мағыналық және синтаксистік деңгейінде өзгерістер енгізеді.

Зерттеу нәтижесінде тілдегі эмотивтілік көрінісі түрлі синтаксистік трансформациялық құбылыстар (оңашалану, транспозиция, парцелляция) және оларды жүзеге асыратын синтаксистік тәсілдер (дислокация, инверсия, интеркаляция, реприза, редукция, компрессия, реконструкция) арқылы жүзеге асатыны дәлелденді. Эмотивтілікті жеткізудің тиімді құралдарының бірі ретінде энантиосемиялық құрылымдар мен коммуникамалар атап өтілді. Бұл құрылымдар сөйленімдердің эмоционалдық реңін арттырып, оның когнитивті әсерін күшейтеді.

Зерттеуде анықталған басты нәтижелердің бірі — эмотивті синтаксистік құралдардың қазақ тілінде кең таралғандығы. Бұл құралдар тек көркем мәтіндерде ғана емес, ауызекі сөйлеу тілінде де жиі кездеседі. Олар қазақ тілінің эмоцияны жеткізудегі икемділігін және синтаксистік бейнелеу мүмкіндіктерін ашады.

Жүргізілген зерттеулер болашаққа бағытталған келесі қадамдарды жүзеге асырудың маңыздылығын көрсетті:

1. эмотивті синтаксистің көркем мәтіндердегі қолданысын кеңінен зерттей отырып, оның прагматикалық және когнитивтік қырларын айқындау;

2. қазақ тіліндегі синхронды коммуникацияларда кездесетін эмотивті құрылымдарды анықтап, олардың қолдану ерекшеліктерін корпус-лингвистика әдістерімен зерделеу;

3. эмотивтілікке негізделген синтаксистік параллелизм, хиазм, үнсіздік, риторикалық сұрақтар, мәтіннің тақырыптық торлары сияқты тәсілдерді терең талдау;

4. эмотивті синтаксистің практикалық маңыздылығын тіл үйрету, мәдениетаралық коммуникация және әдеби шығармашылық салаларында қолдану әдістерін қарастыру.

Зерттеу барысында эмотивті синтаксистік бірліктердің толық жүйеленбеуі мен белгілі бір аспектілердің әлі де толық зерттеуді қажет ететіні айқындалды. Бұл бағыттағы зерттеулер қазақ тіл білімін жаңа деңгейге көтеріп, оның синтаксистік құрылымдарын түсіндіру әдістемелерін байытуға мүмкіндік береді.

Мақала AP23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» атты жоба аясында жазылды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Балли Ш. Общая лингвистика и вопросы французского языка / Ш. Балли. — Москва: Издательство иностранной литературы, 1955. — 416 с.
- 2 Шаховский В.И. Категоризация эмоций в лексико-семантической системе языка. На примере лексики английского языка / В.И. Шаховский. — Москва: Ленанд, 2023. — 206 с.
- 3 Турбина О.А. Природа эмотивного синтаксиса и его категорий [Электронный ресурс] / О.А. Турбина // Вестник ЮУрГУ. Серия: Лингвистика. — 2013. — Т. 10. — № 2. — С. 4–9.
- 4 Қазақ грамматикасы: фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис: ғылыми басылым /жауапты ред. Е. Жанпейісов. — Астана, 2002. — 784 б.
- 5 Лунькова Л.Н. Лексико-грамматические способы выражения противительности в англоязычном художественном тексте / Л.Н. Лунькова, Ю.И. Фролова // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Теория языка. Семиотика. Семантика. — 2021. — Т. 12. — № 3. — С. 758–773. <https://doi.org/10.22363/2313-2299-2021-12-3-758-773>
- 6 Теньер Л. Основы структурного синтаксиса / Л. Теньер. — Москва: Прогресс, 1988. — 653 с.
- 7 Жақыпов Ж.А. Контекстуалдық синтаксис / Ж.А. Жақыпов. — Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. — 284 б.
- 8 Izard C.E. Human Emotions / C.E. Izard. — New York: Springer, 2013. — 508 p.
- 9 Буланова М.С. Синтаксические стилистические средства как способ выражения категории эмотивности (на примере романа Дж. Барнса «Предчувствие конца») [Электронный ресурс] / М.С. Буланова, Е.С. Милькевич // Современные научные исследования и инновации. — 2016. — № 5. — С. 15–19. — Режим доступа: <https://web.snauka.ru/issues/2016/05/66663>
- 10 Булегенова И.Б. Эмоционалды бірліктердің мәтінде берілу жолдары / И.Б. Булегенова, Г.К. Кенжетаева // Торайғыров университетінің хабаршысы. Филология сериясы. — 2021. — № 3. — Б. 6–14.
- 11 Шаховский В.И. Лингвистическая теория эмоций: монография / В.И. Шаховский. — Москва: Гнозис, 2008. — 414 с.
- 12 Әміров Р. Жай сөйлем синтаксисі / Р.Әміров. — Алматы: Мектеп, 1983. — 168 б.
- 13 Бахтин М.М. Проблемы поэтики Достоевского / М.М. Бахтин. — Москва, 1972. — 464 с.
- 14 Гаврилова Г.Ф. Синтаксис предложения. Избранные труды / Г.Ф. Гаврилова. Ростов на Дону: Издательство РГПУ, — 2005. — 168 с.
- 15 Оспанова Д.Ж. Лингвомәдени кеңістіктегі эмотивтілік: тілдік әсер және құзырет: филос. д-ры (PhD) ... дисс.: Мамандығы 8D01717 — Қазақ тілі мен әдебиеті / Д.Ж. Оспанова. — Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2024. — 195 б.
- 16 Тургумбаева Н.К. Эмотивті категориялардың қазақ тіл білімінде зерттелу жайы / Н.К. Тургумбаева, Ш. Қапантайқызы // Наука и образование XXI века: вызовы и тренды в условиях устойчивого развития. Сборник докладов Международного научного конгресса (25 сентября–27 сентября 2024 года). — [в 2-х ч.]. — Ч. 2. — Усть-Каменогорск, 2024. — С. 72–78.
- 17 Водясова Л.П. Интеграция функционального и прагматического аспектов / Л.П. Водясова // Вестник угроведения. — 2012. — № 4 (11). — С. 22–29.
- 18 Trotzke A. Non-Canonical Questions / A. Trotzke. — Oxford: Oxford Academic, 2023. — 214 p.
- 19 Jarrah M. Object dropping in Arabic at the syntax-pragmatics interface / M. Jarrah, M. Harb, & M. Al-Deaibes // Lingue e linguaggio. — 2023. — No 1. — P. 19–48.
- 20 Богоявленская Ю.В. Взаимодействие парцелляции и метафоры как средств аттенционального фокусирования в художественном и публицистическом дискурсах / Ю.В. Богоявленская, А. Чудинов // Язык и культура. — 2018. — № 41. — С. 24–39. — Режим доступа: <https://doi.org/10.17223/19996195/41/2>

Н.К. Тургумбаева, Д.Ж. Оспанова, Ш. Қапантайқызы

Категория эмотивности как лингвистический феномен: синтаксические средства передачи эмоционального состояния

В статье категория эмоциональности рассматривается как лингвистический феномен и анализируются синтаксические средства передачи эмоций. Эмоциональный синтаксис противопоставляется логическому синтаксису как синтаксису выражения чувств и синтаксису выражения мыслей. В то время как логический синтаксис характеризуется нормативностью, эмоциональной нейтральностью, грамматичностью и устойчивостью, тогда как эмотивный синтаксис активизирует образное мышление и воображение. Основная функция эмотивного синтаксиса заключается в смешении чувственной сферы психики с когнитивно-коммуникативными процессами. Цель исследования — выявить роль эмотивного синтаксиса в когнитивно-коммуникативных процессах, показать его отличие от логического синтаксиса и описать особенности эмотивных синтаксических структур в казахском языке. Для достижения этой цели были поставлены следующие задачи: охарактеризовать основные категории эмоционального синтаксиса и их коммуникативную функцию; проанализировать структурные и функциональные особенности синтаксических средств трансформации (обособление, транспозиция, парцелляция и др.); изучить реализацию эмотивных предложений в художественных текстах и разговорной речи; систематизировать явления эмотивного синтаксиса в казахском языкознании и их когнитивное обоснование. Анализируются такие синтаксические трансформации, как обособление, транспозиция, парцелляция, а также дислокация, инверсия, интеркаляция, реприза, редукция, компрессия и реконструкция, как средства формирования эмотивных структур. Особое внимание уделяется функциональным и прагматическим аспектам данных конструкций. Результаты исследования показывают широкое распространение эмоционально-синтаксических средств в казахском языке, их важную роль в передаче эмоций и коммуникативной выразительности. Исследование способствует углублению теоретических и прикладных аспектов изучения языковой эмоциональности, раскрывает когнитивные и прагматические характеристики эмотивных структур, а также предлагает пути повышения эффективности передачи эмоций в языке. Отмечается, что систематизация эмотивных синтаксических единиц в казахском языкознании пока остаётся неполной, и дальнейшие исследования в этом направлении позволят обогатить методологию анализа синтаксических структур и развить теоретическую базу казахской лингвистики.

Ключевые слова: эмотиология, эмотивный синтаксис, обособление, транспозиция, парцелляция, энантиосемические структуры, коммуникема.

N.K. Turgumbaeva, D.Zh. Ospanova, Sh. Kapantaikyzy

The Category of Emotivity as a Linguistic Phenomenon: Syntactic Means of Conveying Emotional States

The article considers the category of emotionality as a linguistic phenomenon and analyzes syntactic means of emotion transmission. Emotional syntax is contrasted with logical syntax as the syntax of expressing feelings and the syntax of expressing thoughts. While logical syntax is characterized by normativity, emotional neutrality, grammaticality, and stability, emotive syntax, by contrast, activates figurative thinking and imagination. The main function of emotive syntax is to mix the sensory sphere of the psyche with cognitive and communicative processes. The purpose of the study is to identify the role of emotive syntax in cognitive and communicative processes, to distinguish it from logical syntax, and to describe the features of emotive syntactic structures in the Kazakh language. To achieve this goal, the following tasks were set: to characterize the main categories of emotional syntax and their communicative function; to analyze the structural and functional features of syntactic means of transformation (isolation, transposition, parcellation and others); to study the implementation of emotive sentences in literary texts and colloquial speech; to systematize the phenomena of emotive syntax in Kazakh linguistics and their cognitive justification. The analysis focuses on such syntactic transformations as isolation, transposition, parcellation, as well as dislocation, inversion, interpolation, reprise, reduction, compression, and reconstruction as means of forming emotive structures. Special attention is given to the functional and pragmatic aspects of these constructions. The results of the study demonstrate the widespread use of emotive-syntactic means in the Kazakh language and their important role in conveying emotions and communicative expressiveness. The research contributes to the advancement of both theoretical and applied aspects of studying linguistic emotionality, reveals the cognitive and pragmatic characteristics of emotive structures, and suggests ways to enhance the effectiveness of emotional expression in language. It is noted that the systematization of emotive syntactic units in Kazakh linguistics remains incomplete, and further research in this area will enrich the methodology of syntactic structure analysis and develop the theoretical foundation of Kazakh linguistics.

Keywords: emotiology, emotive syntax, isolation, transposition, parcellation, enantiosemic structures, communiceme.

References

- 1 Balli, Sh. (1955). *Obshchaia lingvistika i voprosy frantsuzskogo yazyka* [General Linguistics and French Language Issues]. Moscow: Izdatelstvo inostrannoi literatury [in Russian].
- 2 Shakhovskii, V.I. (2023). *Kategorizatsiia emotsii v leksiko-semanticheskoi sisteme yazyka. Na primere leksiki angliiskogo yazyka* [Categorization of Emotions in the Lexico-Semantic System of Language. Using the Example of the Vocabulary of the English Language]. Moscow: Lenand [in Russian].
- 3 Turbina, O.A. (2013). Priroda emotivnogo sintaksisa i ego kategorii [The Nature of Emotive Syntax and its Categories]. *Vestnik Yuzhno-Uralskogo Gosudarsvennogo Universiteta. Seriya: Lingvistika — Bulletin of the South Ural University. Series Linguistics*, 10, 2, 4–9 [in Russian].
- 4 Zhanpeisov, E. (Eds.). (2002). *Qazaq grammatikasy: fonetika, sozhasam, morfologiya, sintaksis* [Kazakh Grammar: Phonetics, Word Formation, Morphology, Syntax: Scientific publication]. Astana [in Kazakh].
- 5 Lunkova, L.N. & Frolova, Yu.I. (2021). Leksiko-grammaticheskie sposoby vyrazheniia protivitelnosti v angloyazychnom khudozhestvennom tekste [Lexico-Grammatical Ways of Expressing Contrariety in an English-Language Literary]. *Vestnik Rossiiskogo universiteta druzhby narodov. Seriya: Teoriia yazyka. Semiotika. Semantika — Bulletin of Peoples' Friendship University of Russia. Series: Theory of Language. Semiotics. Semantics*, 12(3), 758–773. <https://doi.org/10.22363/2313-2299-2021-12-3-758-773> [in Russian]
- 6 Tener, L. (1988). *Osnovy strukturnogo sintaksisa* [Fundamentals of Structural Syntax]. Moscow: Progress [in Russian].
- 7 Zhakypov, Zh.A. (2021). *Kontekstualdyq sintaksis* [Contextual Syntax]. Nur-Sultan: L.N. Gumilyov atyndagy Evraziia Ultyq Universiteti [in Kazakh].
- 8 Izard, C.E. (2013). *Human Emotions*. New York: Springer.
- 9 Bulanova, M.S., & Milkevich, E.S. (2016). Sintaksicheskie stilisticheskie sredstva kak sposob vyrazheniia kategorii emotivnosti (na primere romana Dzh. Barnsa «Predchuvstvie kontsa») [Syntactic Stylistic Means as a Way of Expressing the Category of Emotivity (on the Example of the Novel “Premonition of the End” by J. Barnes)]. *Sovremennye nauchnye issledovaniia i innovatsii — Modern Scientific Research and Innovation*, 5, 15–19. Retrieved from <https://web.snauka.ru/issues/2016/05/66663> [in Russian].
- 10 Bulegenova, I. B., & Kenzhetaeva, G. K. (2021). Emotsionaldy birlikterdin matinde berilu zholdary [Ways of Transmission of Emotional Units in the Text]. *Toraigrov universitetinin khabarshysy. Filologiya seriyasy — Bulletin of Toraigrov University. Philology series*, 3, 6–14 [in Kazakh].
- 11 Shakhovskii, V.I. (2008). *Lingvisticheskaya teoriia emotsii: monografiia* [Linguistic theory of emotions: monograph]. Moscow: Gnosis [in Russian].
- 12 Amirov, R. (1983). *Zhai soilem sintaksisi* [The Syntax of a Simple Sentence]. Almaty: Mektep [in Kazakh].
- 13 Bakhtin, M.M. (1972). *Problemy poetiki Dostoevskogo* [Problems of Dostoevsky's Poetics]. Moscow [in Russian].
- 14 Gavrilova, G.F. (2005). *Sintaksis predlozheniia. Izbrannye trudy* [The Syntax of the Sentence. Selected Works]. Rostov-on-Don: Izdatelstvo Rostovskogo Gosudarstvennogo Pedagogicheskogo Universiteta [in Russian].
- 15 Ospanova, D.Zh. (2024). Lingvomadeni kenistiktegi emotivtilik: tildik aser zhane quzyret [Emotionality in the linguocultural space: linguistic influence and competence]. *Candidate's (PhD) thesis*. Astana: L.N. Gumilyov atyndagy Evraziia Ultyq Universiteti [in Kazakh].
- 16 Turgumbaeva, N.K., & Qapantaiqyzy, Sh. (2024). Emotivti kategoriialardyn qazaq til biliminde zerttelu zhaiy [The study of emotional categories in Kazakh linguistics]. *Nauka i obrazovanie XXI veka: vyzovy i trendy v usloviakh ustoiichivogo razvitiia. Sbornik dokladov Mezhdunarodnogo nauchnogo kongressa (25 sentiabria–27 sentiabria 2024 goda) — Science and education of the 21st century: challenges and trends in the context of sustainable development: Collection of reports of the International Scientific Congress* (pp. 72–78). [In two parts]. Part 2. Ust-Kamenogorsk [in Russian].
- 17 Vodiasova, L.P. (2012). Integratsiia funktsionalnogo i pragmaticheskogo aspektov [Integration of Functional and Pragmatic Aspects]. *Vestnik ugrovedeniia — Bulletin of Ugric Studies*, 4, 11, 22–29 [in Russian].
- 18 Trotzke, A. (2023). *Non-Canonical Questions*. Oxford: Oxford Academic.
- 19 Jarrah, M., Harb, M., & Al-Deaibes, M. (2023). Object dropping in Arabic at the syntax-pragmatics interface. *Lingue e linguaggio*, 1, 19–48. <https://doi.org/10.1418/107703>
- 20 Bogoyavlenskaya, Yu.V. & Chudinov, A. (2018). Vzaimodeistvie partselliatsii i metafory kak sredstv attentsialnogo fokusirovaniia v khudozhestvennom i publicisticheskome diskursakh [Convergence of parceling and metaphor as means of focusing in literary and media discourses]. *Yazyk i Kultura — Language and culture*, 41, 24–39 <https://doi.org/10.17223/19996195/41/2> [in Russian].

Information about the authors

Turgumbayeva Nursulu Kairdynovna (corresponding author) — PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan; e-mail: turgumbayevank@gmail.com

Kapantaykyzy Shynar — Doctor of Education, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan; e-mail: shkapantaykizi@mail.ru

Ospanova Dana Zhanabekkyzy — Doctor of Philosophy (PhD), Acting Head of the Terminology Department at the National Scientific and Practical Center «Til-Qazyna» named after Shaysultan Shayakhmetov, Astana, Kazakhstan; e-mail: Dana.zhanabekkyzy@gmail.com